

Б. Қасым¹, С.Н. Саменова^{2*}

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

²Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан
(e-mail:bkasym77@mail.ru¹, sn.sveta@mail.ru²)

Сөзжасамдық метафора: метафоралық уәждеменің семантикалық әлеуеті

Мақалада лингвистика және әдебиеттану ғылымдары саласында зерттеу нысанына айналған, ауыспалы мағынаның берілу жолының бірі ретінде сипатталып жүрген метафоралық құбылыс номинация бірлігі ретінде қарастырылған. Тіл бірлігінің эмоциялық, экспрессивтік, стилистикалық реңі саналатын метафораның қалыптасуында функционалды-прагматикалық қызмет атқаратын коннотацияның сипаты талданады. Коннотацияның лингвистикалық табиғаты мен мағынасы тіл бірліктерінің бір бөлігі ретінде кез келген ұғымдық мағынаның ассоциативті-бейнелік ішкі құрылымын түсінуден туындайтын қосымша мағына екені айқындалады. Сонымен қатар мақалада концептуалдану нәтижесінде тіл иесінің танымында қалыптасқан метафоралық тілдік бірліктердің моделі жасалатындығы, метафоралық уәждеменің жаңа жасалымдағы ерекшелігі, ауыс мағынадағы уәжділік дәрежелердің бір-бірінен ерекшеленетіндігі және ол сөзжасамдық құрылым шеңберінде ғана айқындалатыны нақты мысалдар негізінде түсіндіріледі. Жаңа аталымның жасалуына негіз болған уәждеме бірліктерді анықтауда олардың тілдік сипатымен қоса танымдық негізі де назарға ілігеді. Авторлар тарапынан метафоралық аталымдардың астарынан уәж сөздің семантикасы айқын не жасырын тұрғандығына қарамастан, тіл иесінің дүниетанымы байқалады, метафоралық уәждеменің семантикалық әлеуеті жаңа жасалымның тұлғасынан анық көрініп тұрады деген тұжырым жасалады. Қазақ сөзжасамындағы метафоралық аталымдар біртұтас лексикалық бірліктер ретінде танылып, мақалада басқа ұқсас тілдік құбылыстардан айыратын негізгі белгілері де айқындалады. Мақалада метафоралық аталымдарды жіктеу мәселесі де қаралып, оларды жіктеуде нақтыдан абстрактіге ауысу, нақтыдан нақтыға ауысу, іс-әрекетпен байланыс, антропоцентрикалық ұстанымдар негізге алынатыны талданады. Сондай-ақ мақала авторлары атаудың ішкі құрылымы ұғыммен тығыз бірлікте болатындығына, ішкі құрылым атауды құрастырушы компоненттердің өзара байланысын сақтайтын тұтас тілдік құбылыс екеніне назар аударады да, уәждеме арқылы ішкі мағыналық құрылымның негізінде метафоралық атау қалыптасады деген қорытынды тұжырым жасайды. Зерттеу нәтижесінде номинативтік құбылыспен тығыз байланысты категорияның бірі — ішкі форма екені, ішкі форма сипаттары семантикалық аспектіде қарастырылғанда іштей бөлініп ажыратылмайтыны, басқалармен бірге олар да ұғымдық мағынаға кірігетіні анықталады. Мақалада ішкі форма уәждену категориясымен бір қатарда қарастырыла талданады. Мақала авторлары ғылыми материалдар мен тілдік деректерге сүйене отырып, метафоралық аталымның семантикалық әлеуетін айқындауды уәждеме және аталым теориясы аясында зерттеу маңызды деген қорытындыға келді және зерттеу нәтижесінде метафоралық аталымдардың жасалуында сөздің ішкі мағыналық формасы негізгі фактор ретінде анықталды.

Кілт сөздер: метафора, ішкі форма, ассоциативті-бейнелік, коннотация, сөзжасамдық уәждеме.

Кіріспе

Жүргізілген дәстүрлі зерттеулердің басым бөлігінде метафора «тілдің көркемдеуші құралы» ретінде қарастырылып келгені белгілі. Нақтырақ айтсақ, көркем әдебиеттегі метафоралық қолданыс адресатқа әсер ету қызметі тұрғысынан зерттелді. Соңғы жылдарда лингвистика саласының жаңа бағыттары тұрғысынан метафоралану құбылысы тілші ғалымдардың назарын аударды. Метафоралық аталымдардың жасалуына қатысты қазақ тіл білімінде кейінгі жылдарда біраз зерттеу жүргізіліп, оған қатысты ғалымдар пікірі мақала көлемінде жарияланып жүр. Сөздердің метафоралық қолданысы әдебиеттануда, лингвистикада түрлі аспектіде зерттелгендігі және бүгінде зерттеу жалғасып жатқандығы белгілі. Десек те, қазақ тіл біліміндегі метафоралардың, оның ішінде сөзжасамдық метафоралардың жаңа сөз жасау әлеуеті толық шешімін тапты деуге болмайды.

Метафора құбылысының зерттеу бағыттары да ғалымдардың жіктеуінде әртүрлі сараланады. Мәселен Г.Н. Складневская тілдік метафораның төрт зерттеу бағытын көрсетеді: *номинативтік, формалды-логикалық, психологиялық және лингвистикалық* [1]. Ал зерттеуші Н.Д. Арутюнованың

* Хат-хабар үшін автор.e-mail: sn.sveta@mail.ru

еңбегінде метафораның ғылыми дискурста қарастырылуы берілген. Д. Арутюнованың тұжырымы бойынша метафора образ жасау құралдан тілдік мағынаны толықтырушы тәсілге айналады [2]. Мұндай құбылыс тіл ғылымында зерттеушілер қолданып жүрген суреттеу немесе түсіндірмелі салыстыру, елестету, бейнелеу арқылы жаңа мағыналардың айырмашылығын ажыратуға мүмкіндік береді. Метафораның ғылыми теорияда және теориялық мәтінде қолданылуы түрлі факторға, қоғамның мәдени өміріне, ой-санасына т.б. тәуелді. Мұндай жағдайда метафораны қолдану дәстүрлі қолданыстан асып, ойлау-түсіну жүйесінде жаңа аталымды тілдік құралдармен беруге септігін тигізеді.

Метафора — бейнелі ойлаудың жемісі. Әрбір халықтың өзіндік ерекшелігі сөзжасам мен метафора салаларына да тән ұлттық сипат алады, сол арқылы ерекшеленеді. Қазақ тіліндегі метафоралану тәсілі *аталым жасауда* белсенді қызмет атқарады. Метафораны бір зат пен екінші заттың ұқсастығына негізделе жасалған ауыспалы мағынадағы сөз деп қана емес, оны тілдегі күрделі құбылыс деп танамыз. Шындық болмыстағы жаңа ұғым ұқсату заңдылығына сай дайын тілдік бірлік ретінде екінші рет қайта қолданысқа түседі. Бұл тілдік үрдісте сөздің ішкі мағыналық құрылымы мен лексикалық мағынасы өзгеріске түседі. *Әлемнің ұлттық бейнесі ретінде танылатын* — сөздердегі бұл ерекшелік тілдегі наным-сенім мен түрлі ұғымда өз ізін қалдырып, тілден орын алып отырады. Тілдік өзгерістердің нәтижесі нақыл сөздерде (афоризмде), тұрақты сөз тіркестерінде, мақал мен мәтелде тілдік бірлік ретінде көрініс табады. Бұл ерекшелік — барлық халықтың тілінде бар заңдылық. Қоғамдағы кез келген құбылыс халықтың дүниетанымымен астасып танылатындығы шындық. Салыстырыла отырып сипатталған, суреттелген кез келген нәрсе көңіл-күй сезімі негізінде бейнеленеді. Тарихи дамудың тағы бір ерекшелігі — әрбір халықтың өзіндік ерекшелігі болып табылатын мәдениеттің құрылуы. Өркендеу халықтарды бір-біріне ұқсатса, мәдениет ажыратушы, әрбір халықты танытушы функциясын орындайды. Бұл ерекшелік, бір жағынан, түрлі этностың бір-бірін түсінуге септігін тигізеді, ал, екінші жағынан, айырмашылығын көрсетеді. Ұлттық болмысты білдіретін метафораның жаңа сөз жасауда қолданылуы кездейсоқ жағдай емес. Ол жөнінде А. Байтұрсынұлы: «Сөздің көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында түк ұқсастық жоқ екі нәрсенің ететін әсері бірдей болса, біріне қас ғамалды екіншісіне ауыстырып айтамыз» [3; 355], — деп көрсетеді. Ғалымның *өз мағынасын* дегені сөздің *тура мағынасы* да, «ауыстырып айтамыз» деп *метафоралы мағынадағы сөздер* туралы жазып отырғаны төмендегі ой түйіндеулерінен байқалады. Метафоралы ойлау қабілеті жөнінде тілші «*күн құтырып кетті*» дегенді «*күннің желдетуі адамның құтырған күйіне ұқсас әсер ететіндігінен, жанды, есті нәрсенің күйін көрсететін сөз*» [3; 355] (курсивпен берген — автор) деп пайымдайды. А. Байтұрсынұлының тұжырымы бойынша метафоралану үрдісі ассоциациялы ойлау арқылы жүреді, метафоралардың туындауына ұқсастық заңдылығы ұйытқы болады. Оны жоғарыдағы тұжырымы арқылы саралайды.

Жалпы тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде де метафоралану құбылысын әр қырынан алып қарастырған ғылыми зерттеулер мен мақалалар жетерлік, сондықтан оларды қайталап айтуды қажет санамадық. Біз осы мақалада метафоралану арқылы қалыптасқан кейбір сөздердің функционалды-прагматикалық қызметін, метафоралы аталымдардың қалыптасуына негіз болатын уәждің семантикалық сипатын анықтауды мақсат етіп алдық.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу материалы монография, сөздік, көркем әдебиеттерден іріктеу әдісімен алынған метафоралар болды. Жұмыс дефинициялық талдау әдістерін қолдана отырып, номинативті-когнитивті тұрғыдан орындалды. Мақалада семантикалық-когнитивті талдау, зерттеу, салыстыру, дәлелдеу, сипаттау әдістері қолданылып, тілдегі метафора арқылы қалыптасқан аталымдардың мағыналары сараланды. Сонымен қатар көркем әдебиеттерден, сөздіктерден алынған метафоралық аталымдардың құрылымдық-семантикалық белгілерін сипаттау кезінде компоненттік талдау әдісі, контекстік және ассоциативтік талдау әдістері де қолданылды.

Нәтижелер мен оның талқылануы

Тіл табиғаты, сөз мағынасы — күрделі құбылыс. Бейнелеу және образдар арқылы белгілі бір түсінік ұғымға айналады. Сөздің метафораланып қолданылуында адам санасында осы үрдістер жүреді. Қандай да бір ұғым нақты зат туралы түсініктің негізінде қалыптасса, ұғымға бейнелілік тән. Олай болса, метафора — бейнелі ұғымдардың тіл бірліктері арқылы берілу жолы. Көп мағыналы сөздердің астарында нақты түсініктер негізінде қалыптасқан бейнелі ұғымдардың жатқандығы

байқалады. Тілде метафоралардың жасалуына негіз болатын түсініктер мен ұғымдарға көбінесе нақты зат атауларының ұйытқы болатыны байқалады. Оның себебі абстракттілі заттарға қарағанда нақты зат туралы түсініктің адам санасында берік орын алуында деп ойлаймыз. Демек, нақты заттардың бейнесі де айқын болады.

Лингвистикалық табиғаты мен мағынасы жағынан коннотация — тіл бірліктерінің бір бөлігі. Ол — кез келген ұғымдық мағынаның *ассоциативті-бейнелік* ішкі құрылымын түсінуден туындайтын қосымша мағына. *Ассоциативті белгі* сөз мағынасының өзгеруіндегі сапалық қасиетті, қатынасты білдіреді. *Ассоциативті мағына* жасалғанда уәждеуші тұлғаның уәжелген мағынамен семантикалық байланысы азая түседі де, жаңа аталымның мағынасы артады.

Тілдің сөздік құрамындағы туынды бірліктерді алып қарасак, барлығы да белгілі бір қызмет атқарып, тілдік жүйеден орын алған. Әрбір тілдік бірлік бірнеше күрделі байланыстан тұратындығы зерттеушілерге мәлім. Сондықтан да оларды мағынасына, мәніне, тұлғасына, қызметіне т.б. топтастырады. Осы топтастыру белгілері негізге алына отырып, адам баласының әлемді тануын, қабылдауын, түсінуін қамтитын лексика-семантикалық топтарға тілдік бірліктерді жіктеу қалыптасқан.

Әлем бейнесін қалыптастырушы *концептуалдану* — шоғырланған жалпы ұғым түрінде белгілі бір дүние туралы түсінік беруге себеп болып түсетін ақпараттың, зат-құбылыстың мазмұны ойша тұжырымдалып, қабылданатын танымдық *әрекет түрі*. *Концептуалдану* — дүние тануды, танымдылықты жүзеге асыратын үдеріс [4; 69]. Тіл иесінің танымынды қалыптасқан метафоралы тілдік бірліктердің моделі *концептуалдану нәтижесі*. Ол белгілі құрылымға, компоненттерге негізделген. Мәселен, Бұқар жырау, Ж. Баласағұн, Қ.А. Иассауи еңбектерінде де метафоралы сөзжасам, функционалды қолданыс көрініс тапқан. Мәселен, Бұқар жыраудың толғауларында: Атадан алтау туғанмен, Ішінде біреуі *арыстан* болмас па? немесе Құбылып тұрған *бәйшешек* Қурай болар солғанда. *Ақық* бүркіт төмендер, Екі қанат талғанда... (Бұқар жырау). ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы жыраулық өнерде метафора құбылысы дамығанын, поэзия стиліне қызмет еткенін көруге болады. Бұл тілдік бірліктер — ұқсату заңына негізделген метафора. Әрбір сөз реалды ойға құрылып, бейнелік мәнге ие. Бұны өмірлік тәжірибеден шығатын, әлем туралы адамның жинақталған білім қорына негізделген тұжырым деп атауға болады. Ж. Баласағұн «Құтадғу білік» шығармасында: *Кісілер* көп, кісілікке кендеміз, *Адалы* аз, адам атты пендеміз. Кісі сирек емес, сирек *кісілік*, *Кісіліктің* кәдірін біл, түсініп! немесе *Ақыл*, *білім* тілмәші — тіл, *тіл* — кепіл, жадыратар ерді шырын тіл деп біл! – дейді. Қоғамдағы әрбір құбылысқа өз түйінін, көзқарасын түйіндеген. *Адалдық*, *кісілік*, *тіл*, *білім*, *ерлік*, *ездік*, т.б. терең мағыналы ұғымдар метафоралы бірліктер арқылы өмірдің мәні зерделене түседі. Қожа Ахмет Иссауидің «Хикметінде» *Дүниеқоңыз*, *пысықтардан* бойыңды тый, Бойым тыйып *дариядай* тастым міне. *Қара нөсер* қарғыс оғы келіп тиді, Найза алып, жүрек, баурым сұқтым міне (Қ.А. Иассауи, 1-хикмет). *Наданменен* өткен өмірің дозақ болар, *надан* барса дозақ та одан қашар (Қ.А. Иассауи, 15-хикмет). Бұл жерде контекстік метафоралар функционалды-прагматикалық қызмет атқарып тұр. Көп жағдайда сөздердің метафоралы мағынасы қолданыс барысында сөйлеу жағдаятына сәйкес анықталады. Сонымен қатар метафоралы аталымдарға коннотациялық қосымша мағына да жамалып отыратыны белгілі.

«Коннотация» (лат. *connotatio, connoto* қосымша мағынаға ие) — тіл бірлігінің эмоциялық, стилистикалық реңі. Кең мағынада *коннотация* тіл бірлігінің грамматикалық және заттық ұғымдық мағынасын толықтыратын, оған экспрессивті рең беретін кез келген түрі...» [5; 158]. Бұл ұғымды алғаш ғылыми айналымға енгізген ғалым Л. Ельмслев деп танылады. Осы мәселе ертеректе лексикология, семасиология тұрғысынан қарастырылып келді. Кейінгі кезеңде М. Оразов [6], А. Салқынбай [7], Б. Қасым [8], Р. Авакова [9], Ғ. Хасанов [10], Б. Жонкешев [11], С. Жиренов [12] т.б. сөзжасам, аталым, семантика теориясымен айналысып жүрген ғалымдар тарапынан да сараланып жүр. Тілшілер *коннотацияның құрылымдық бөліктерін* тар мағынада да, кең мағынада да зерделеп, негізінен *бағалауыштық*, *экспрессивтік*, *эмоционалдық* тұрғыдан баға береді. Бұл мәселенің метафоралы сөзжасамға толықтай қатысы бар.

Метафоралы аталымдардың жасалуына негіз болатын — уәждің түрлі белгісі. Мәселен, заттың қызметі, орны, пішіні, сапасы, қасиеті және тағы да басқа сипаттары метафоралы аталымның уәждік белгісі ретінде қолданылады. Кейде атаудың қалыптасуына заттардың ортақ қасиеттерінің болуы да негіз болады. Мысалы, тілдегі кейбір метафоралы медициналық аталымдардың жасалуына көз алдына *елестету* (ассоциация) немесе эмоциялық қабылдау ықпал етеді. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалып, бір ұғымның берілуі коннотациялық семантиканы тудырады. Мысалы, *жөтел* сөзінің

қимыл мағынасы мен сол қимылдың әсерінен адамның қиналуы, бет жүзінің өзгеруі (көк) *көкжәтел* аталымының жасалуына себепші негіз, уәж болған. Мысалы, *көкбақа, көкдауыл, көкет, көктайғақ, көктүйнек, көкшай, көкбайрақ, көкдолы т.б.* деген тілдік деректердегі уәжемелік сыңарлар түрлі коннотациялық мағыналарды тудырған және екіншілік мағынаның қалыптасуына әр сыңардың мағынасы қызмет еткен. Мына сөйлемдегі *көкбақа* аталымының «жеуге келмейтін, майсыз, арық мал» деген коннотациялық мағынасы майсыз еттің түсіне (көк) және бақа сияқты тырбыш жататындығынан қалыптасқан. Етке өткізген малдары *көкбақа* деп сынайды (А. Токмағанбетов).

Метафоралық уәжемені сөзжасамдық талдаудағы ең негізгі ұғым ретінде санап, «уәждеуші негіз» терминін қазақ тіл білімінде ғылыми айналымға енгізген профессор — Б. Қасым. Автор өз зерттеулерінде: «Туынды сөздегі метафоралық уәжділіктің ерекшелігі сол, олардың ауыс мағынасы уәжділік дәрежелердің түрлі деңгейде болуы және ол тек сөзжасамдық құрылымда айқындалады» [8; 129], – деп талдайды.

Жалпы лингвистикада «семантикалық жіктеу» деп аталатын сөздерді мағыналық топтастыру бар екені белгілі. Ішкі мағыналық құрылымның ерекшеліктері метафоралы аталымдарды, терминдерді *жіктеу, топтастыруда* (классификациялауда) негізге алынады. Тілдегі метафора-аталым, терминдер белгілі бір ұстанымға сүйене отырып жіктеледі. Жалпы тіл біліміндегі ол ұстанымды жинақтай айтсақ, төмендегідей:

1. Концептуалдық метафоралы аталымдардың *нақтыдан абстрактіге ауысуы* нәтижесінде қалыптасуы. Бұл ұғымның концептіге тікелей қатысы бар. *Концептінің* мән-мағынасына → *түсінік, бейне, ұғым, мағына* жатады. Мәселен, Е.О. Опарина концептуалдық метафораға: «Концептуальная метафора функционирует как средство получения новые знания о предметном мире. Поэтому ее можно рассматривать как инструмент познания. Эта функция проявляется особенно ярко в языке науки, где при посредстве концептуальной метафоры происходит выделение научных категорий и где она может служить в качестве гипотетической модели, предсказывая ряд свойств исследуемого объекта» [13; 152] деген анықтама бере отырып, оны әлемді танудың, түсінудің құралы деп атайды.

2. Концептуалдық метафоралы аталымдардың *нақтыдан нақтыға ауысуы* үрдісі арқылы қалыптасуы. «Ақпаратты алуда ойлаудан гөрі сезім мүшелері ерекше қызмет атқарады. Бұл — өмірде көп таралған және жиі кездесетін құбылыс. Осы ұстаным арқылы атаудың қалыптасуында ортақ белгілер негіз болады. Мысалы, түрлі пішіндер, түр-түс, қызмет, мекен, мезгіл т.б. ортақ қасиет бірін-бірі байланыстырушы ұғым ретінде жұмсалады. Мысалы: *сарыауру, аққан, ақтүйіршік, құртауру, көкет, көкжасик, көкжал, көкқұтан, көкзеңгір, көкбазар, көкбауыр т.б.*» [4; 135].

3. Концептуалдық метафоралы аталымдардың *іс-әрекетпен байланысты* қалыптасуы. Бұл ұстаным бойынша, процесс ұғымы ортақ сема ретінде танылады да, іс-әрекетпен байланысты аталым жасалады. Мысалы: *ұлтабар, қан түкіру, лоқсу, көкжелік (малдың көктемде түлеуі), қышу (зуд), сарғаю (желтуха), жемсау (зоб)* т.б. Іс-әрекетпен байланысты уәжелген аталымдар тілде мол екендігі байқалды.

4. Концептуалдық метафоралы аталымдардың қалыптасуы *антропоцентрикалық ұстаным* бойынша да жүзеге асып жатады. Бұл ұстаным бойынша қалыптасқан аталымда метафора салыстыру түрінде беріледі. Адамның қолданатын заттары, дене мүшелері, қоршаған орта, тіпті адамның өзі де салыстыру материалы ретінде қызмет етеді. Мысалы: *шотмаңдай, шоқша сақал, қуыс кеуде* т.б. Антропоморфтық метафора — «адамның ойлау қабілетінің негізгі ерекшелігінің бірі. Адам қоршаған айналадағы заттар мен құбылысқа тән қасиетті теңеу (кейіптеу) арқылы» [14; 13] қалыптастырады. Антропоморфтық метафора арқылы жасалған аталымдардың ерекшелігі кейінгі жылдарда зерттеушілердің назарына іліге бастады.

Метафоралық аталымды талдап-саралауда осы аталған тұжырым негізгі ұстаным ретінде алынады.

Тілде метафора арқылы сөз түрленіп, өңделіп отырады. Көне заманнан бері сөздер адам санасының танымдық ой-өрісіне байланысты ауыспалы мағынада қолданылып келе жатқандығы ғылыми деректерде айтылады. Сыртқы дүниені санада бейнелеудің ең жоғарғы деңгейі — ойлау болса, ол ұғыммен тығыз бірлікте. Зат пен құбылыс туралы ұғым адам танымы арқылы қорытылады да, тілдің көмегі арқылы адам өз ойын бейнелейді. Тілдік құралдарды пайдалану нәтижесінде метафоралы аталымдар жасалады. Яғни ойдың өзі метафоралы, ол салыстыру арқылы дамиды да, тілде метафора туындап отырады. Адам ұқсастықты байқап қана қоймайды, өзі де ұқсату негізінде жаңа индивидуалды аталымдарды жасап отырады. Ұқсату арқылы ерекшеліктер мен олардың психикамен өзара әрекетін салыстырады. Осының нәтижесінде метафора тілдің кез келген саласында

туындап отырады. Мысалы, *шотмаңдай, шошқа мойын* (ауру), *сегізкөз* (сүйек), *қызылкеңірдек, миқұрт* (ауру), *қызыласық* (тобық), *көкжорға* (ауру), *көкжәтел, көкжұлын, көксау* (ауру), *атамекен, атажұрт, ақсақал, қайыната, жолсерік* т.б.

Екіншілік атау үдерісі — тілдің коммуникативтік ортасымен айқындалатын семиологиялық үдеріс. Сондықтан екіншілік атау атаудың қалыптасуының коммуникативті-функционалдық шартымен тығыз байланысты. Сөздердің жаңа функцияда екінші рет қайта қолданылуы сөздік белгілердің көпмағыналылығын тудырады. Тарихта динамикалық процесс нәтижесінде екіншілік атау негізгі атау болып қалуы мүмкін.

Номинативтік құбылыспен тығыз байланысты категорияның бірі — *ішкі форма*. Номинативтік сипатқа жататын ішкі форма категориясының белгілері семантикалық аспектіде қарастырылғанда жеке бөлініп ажыратылмайды, себебі оларда ұғымдық, мағыналық кірігу жүреді. Ішкі форма уәждеу категориясымен бір қатарда қарастырылып келеді. Бұл мәселе В.В. Виноградов [15], С.Д. Кацнельсон [16], Е.С. Кубрякова [17], Н.Д. Арутюнова [2], В.Г. Гак [18], В.Н. Телия [19], Т.Р. Кияк [20] т.б. еңбектерінде сөздердің арасындағы семантикалық сәйкестіктердің өзгеріске ұшырауы деп қарастырылған. Туынды сөздің *мағыналық құрылымы* мәселесіне ғалымдар ертеден назар аудара бастаған. Жалпы лингвистикада В. Гумбольдт «сөздің ішкі мағыналық құрылымы» тұжырымдамасын алғаш енгізе отырып, тілдің ішкі мағына-мазмұны мен сыртқы тұрпатын (формасын) бірлікте қарауды ұсынады. Ғалым: «Внутренняя форма — то, что возвышает членораздельный звук до выражения мысли, взятой во всей совокупности своих связей и систематичности», — деген түйін жасайды [21; 71]. Осы теорияға сүйенетін болсақ, *ішкі құрылым* арқылы тіркес, туынды сөздер, тіл оралымдары сияқты тіл бірліктерінің айырмашылығы мен ұлттық ерекшелігі ғана ашылып қоймайды, сонымен қатар *мағыналық құрылым* арқылы тілдің өзіндік, дара ерекшелігі көрінеді, бұл (мағыналық құрылым) осы ерекшелікті танытатын негізгі белгі болып саналады. Профессор Б. Қасым: «Ішкі мағыналық құрылымның басты тәсілі — ұғымды белгілеу және сөздің ішкі мағынасы мен сыртқы тұрпаты арасындағы бірліктерді байланыстыру. Демек, ішкі құрылым атаудың мағыналық құрылымын құрастырушы сыңар ретінде танылады. Ішкі құрылым — алғашқы *бейне*, онда ұғымның негізі жатады. Ішкі құрылым ойға бағыт береді, өзек мағынаның әрі қарай дамуына *мүмкіндік* жасайды» деген қорытындыға келеді [8; 203]. Олай болса, кез келген атаудың ішкі құрылымында ұғымның ізі жатады. Атаудың тұтастығы оны құрастырушы сыңарлардың өзара байланысын сақтайтын, тұтас, жүйелі ерекшелігін көрсететін — ішкі құрылым арқылы танылады. Ал, *атау* уәждеме үрдісінің қатысуымен ішкі мағыналық құрылым негізінде жасалады. Демек, ішкі құрылым атауды қалыптастырудың міндетті семантикалық ерекшелігі саналады. Мысалы, *Ақсұңқар* ұшар жем үшін, Ер жігіт туар ел үшін немесе Қайыптан тапқан алтыннан *Ақсақал* берген бата артық (Мақал).

Когнитивті семантикалық талдау жалпы тілдік бірліктерді, атауды саралауға, олардың дүниетанымдық мәнін, табиғатын ашуға мүмкіндік береді. Бүгінде қазақ тіл білімінде тілдік бірліктерге түрлі дүниетанымдық тұрғыдан зерттеулер жүргізіліп жатыр [22].

Метафора ежелгі заманнан бүгінге дейін зерттеліп келе жатқан тақырыптың бірі бола тұра, оның ұлттық таныммен, ұғыммен бірге жүріп отыратын үрдіс екендігіне аса назар аударылмай келді. Бұл мәселенің туынды сөздердегі уәждеме теориясына тікелей қатысы бар. Ал уәждеме теориясы уәжділіктің түрлеріне қатысты туындайды. Сөзжасам теориясында лексикалық бірліктердің сыртқы сөзжасамдық үлгілерін анықтайтын — сыртқы уәждеме (морфологиялық уәжділік) және бұрынғы мағына мен жаңа мағынаның арасындағы байланыс арқылы сөзжасамдық мағынаны анықтайтын — ішкі уәждеме (семантикалық уәжділік) түрлері анықталған. *Тура аталым мен келтірінді аталымды* айқындау үшін осы уәждеме сараланып, соның заңдылығына сүйену қажет. Көптеген тілші ғалым уәжділікті «*ішкі құрылым*» ұғымымен тікелей байланыстырады [18, 23-24].

Екіншілік атаудың тілдік формаларының ішінде білімді, эксплицитті түрде берудегі тиімді түрі — тілдік метафора. Бір форманың құрылымы бір-бірімен жете байланысқан кемі екі ұғымнан тұрады. *Метафоралық мағына* сөздердің байланыс мағынасынан шығатынын айтуға болады. Метафоралық аталым жасауда сөздің семантикалық ерекшеліктерін негізгі белгі ретінде ескеру қажет [8].

Өте күрделі және көпдеңгейлі құбылыс ретінде метафора «образды құрастыра отырып, санамен қабылданатын жаңа мағына туындатады. Метафоралық процестің ең соңғы сатысында тілдік категориялар» туындайды [25; 234]. Метафораның осы типі эмпирикалық түрде белгіленбеген объектілердің бейнелеу, суреттеу мүмкіндігін туғызады. Метафоралық құралдар қоршаған болмыс туралы білімнің толығына, жан-жақты болуына себепкер болады.

Метафораны сөзжасам жүйесімен байланыстырып қарастыруда лексика-семантикалық тәсілдің басқа да түрлерімен салыстыру қажет, ең алдымен ауыспалы мағына тұрғысынан сөзжасамда орын алады. Бірақ ауыспалы мағынаның түрлері бірнеше аспект бойынша бір-біріне қарама-қарсы келеді. Импликациялық байланыс — болмыстағы зат пен құбылыстың нақты байланысының ұқсас түрі: *бүтін және бөлшек*, зат және сипат арасындағы байланыс. Заттың белгілері қаншалықты алуан болса, олардың санадағы түзілер бейнесі де әр қилы. Бейнеліліктің прагматикалық алғышарты айтушының тыңдаушыға жеткізер ойының әсерлі, түсінікті болуына байланысты метафораның туындауына жағдай жасайды [25; 148].

Екінші атаулардың бірі — *идиомалық тіркестер*. Идиоманың пайда болуын жаңаша атаудың спецификалық ерекше түрі деп қарастыру қажет. Жаңа мағына өзінің құрылымында бұрынғы мағыналық сипатын сақтаса, арадағы байланыс ұзақ уақыт, тіпті бірнеше ғасыр бойы сақталып келуі мүмкін. Сөздегі, сөз тіркесіндегі бейненің өшіп кетуі бірнеше факторға тәуелді болады. Мысалы, **қаракөңіл**: *ниеті арам, аяр кісі*; **қарақағаз**: *қаралы хабар жеткізетін хат*; **қарашаңырақ**: *үлкен үй, тәрбие алған, ұшып шыққан ұя*; **қаратер**: *қара суға түсіп, терлеп-тепшу, сел-сел болу т.б.* Байқап отырғанымыздай, мұндай жағдайда ұғымның көлемі мен мағынасы да өзгеріске ұшырайды.

Қорытынды

Заттардың белгілері қаншалықты әр алуан болса, олардың санадағы түзілер бейнесі де әр қилы. Бейнеліліктің прагматикалық алғышарттары айтушының тыңдаушыға жеткізер ойының әсерлі, түсінікті болуына байланысты метафоралық аталымдардың жасалуына мүмкіндік туады.

Адамды бағалау мен сипаттау құбылысы мақал-мәтел мен тұрақты сөз тіркестеріндегі, метафоралардағы дүние бейнесінде образды-экспрессивтік, субъективтік бағалау арқылы жүзеге асады. Дүниенің тілдік бейнесін беруде метафораның қызметі ерекше байқалады. Әр ұлттың ақиқат дүниеге деген көзқарасы, оны түсінуі, яғни өзіндік дүниетанымы, оны бағалау принципі, білім қоры, алған ақпаратты тұжырымдауы мен қорытындылауы әр алуан болатыны шындық. Тілдік бірліктердің мазмұнынан тіл иесінің болмыс-бітімі, мінез-құлқы, өмір сүретін табиғи ортасы мен тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктері анық көрінеді. Демек, метафоралық аталымдардың астарынан да, уәж сөздің семантикасы айқын не жасырын тұрғанына қарамастан, тіл иесінің дүниетанымын байқауға болады. Олай болса, метафоралық уәждеменің семантикалық әлеуеті түрлі болып келеді, ол жаңа жасалымның тұлғасынан анық байқалып отырады деген қорытындыға келдік. Метафоралық уәждеменің семантикалық әлеуетін бұл мақала көлемінде толық сипаттадық деп айта алмаймыз, сондықтан сөзжасамдық метафоралардың функционалдық, прагматикалық қызметін әлі де анықтап, зерттеуді жалғастыра бермекпіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Скляревская Г.Н. Метафора в системе языка / Г.Н. Скляревская. — СПб.: Наука, 1993. — 150 с.
- 2 Арутюнова Н.Д. Метафора и дискурс / Н.Д. Арутюнова // Теория метафоры. — М.: Наука, 1990. — С. 5–32.
- 3 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеулер / А. Байтұрсынов. — Алматы: Жалын, 1991. — 464 б.
- 4 Қасым Б. Когнитивті семантика / Б. Қасым. — Алматы, 2021. — 256 б.
- 5 Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі / Ф. Қалиев. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. — 440 б.
- 6 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы / М. Оразов. — Алматы: Рауан, 1991. — 216 б.
- 7 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам: монография / А. Салқынбай. — Алматы: Қазақ университеті, 2018. — 316 б.
- 8 Қасым Б. Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным / Б. Қасым. — Алматы: «ИП Волкова А.В» баспасы, 2010. — 383 б.
- 9 Авакова Р. Фразеологиялық семантика / Р. Авакова. — Алматы: Қазақ университеті, 2002. — 152 б.
- 10 Хасанов Ф. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы / Ф. Хасанов. — Алматы: Үш қиян, 2009. — 488 б.
- 11 Жонкешов Б. Эмоционалды бірліктердің тілдік табиғаты (семантика, сөзжасам, фоносемантика): Филол. ғыл. канд. ... дис. / Б. Жонкешов. — Алматы, 2006. — 130 б.
- 12 Жиренов С. Когнитивтік лингвистика: оқу құралы / С. Жиренов. — Алматы, 2010. — 110 б.
- 13 Опарина Е.О. Концептуальная метафора и ее функции в языке (на примере субстантивированных метафор): дис. ... канд. филол. наук / Е.О. Опарина. — М., 1990. — 169 с.
- 14 Адишева А. Антропоморфтық метафораның танымдық моделі / А. Адишева, Ө. Мехмет // Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2022. — Т. 188, № 4. — Б. 12–20.

- 15 Виноградов В.В. Стилистический аспект русского словообразования / В.В. Виноградов. — М.: Наука, 1984. — 183 с.
- 16 Кацнельсон С.Д. Общее и типологическое языкознание / С.Д. Кацнельсон. — Л.: Наука, 1986. — 298 с.
- 17 Кубрякова Е.С. Типы языковых значений. Семантика производного слова / Е.С. Кубрякова. — М.: Наука, 1981. — 200 с.
- 18 Гак В.Г. Сопоставительная лексикология (На материале русского и французского языков) / В.Г. Гак. — М.: Международ. отношения, 1977. — 262 с.
- 19 Телия В.Н. Метафоризация и её роль в создании языковой картины мира / В.Н. Телия // Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира. — М., 1988. — С. 173–203.
- 20 Кияк Т.Р. О «внутренней форме» лексических единиц / Т.Р. Кияк // Вопросы языкознания. — 1987. — № 3. — С. 58–68.
- 21 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию / В. Гумбольдт. — М.: Прогресс, 1984. — 397 с.
- 22 Жиренов С. Ғаламның діни бейнесінің тілдік көрінісі / С. Жиренов, З. Кульманова // Тілтаным. — 2023. — Т. 89, № 1. — Б. 125–132.
- 23 Блинова О.И. Типологизирующая функция внутренней формы слова / О.И. Блинова // Вестн. Том. гос. пед. ун-та. Сер. Гуманит. науки. — 2007. — № 2. — С. 30–33.
- 24 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты / С. Исаев. — Алматы: Рауан, 1998. — 304 б.
- 25 Қасым Б. Метафоралы аталымдар: когнитивті-семантикалық сөзжасам / Б. Қасым. — Алматы: Дарын, 2024. — 315 б.

Б. Қасым, С. Саменова

Словообразовательная метафора: семантический потенциал метафорической мотивации

В статье рассматривается метафора как основной тип передачи переносных значений, как номинативная единица, являющаяся предметом исследования лингвистики и литературоведения. Анализируется языковая характеристика коннотации, выполняющей функционально-прагматическую функцию в формировании метафоры, считающейся эмоциональным, выразительным, стилистическим оттенком языкового единства. Определяется лингвистическая природа и дополнительные значения коннотации, вытекающие из понимания ассоциативно-образной внутренней структуры любого понятийного значения как части языковых единиц. Авторы на основе анализа языковых фактов и примеров доказывают, что в результате концептуализации создается модель метафорических языковых единиц, сформированных в языковом сознании носителя языка, специфика метафорической мотивации в производном слове, смысл их обмена отличается наличием мотивационных степеней на разных уровнях и определяется только в словообразовательной структуре. При рассмотрении мотивированности именованных единиц, наряду с их языковым характером, принимается во внимание и познавательный процесс носителя языка. Под метафорическими названиями со стороны авторов подразумевается, независимо от того, явна или скрыта семантика слова, отражается мировоззрение носителя языка, семантический потенциал метафорической мотивации ярко выражается в самом новом выражении. Метафорические наименования в казахском словообразовании признаются едиными лексическими единицами, в статье также выделяются основные черты, отличающие их от других подобных языковых явлений. В статье также рассматривается проблема классификации метафорических имен, при этом определяется, что все классификации базируются на переходе от реального к абстрактному, от реального к конкретному, связи с действием, антропоцентрических позициях. Авторы статьи обращают внимание на то, что внутренняя структура имени находится в тесном единстве с понятием, что внутренняя структура — это целостное языковое явление, поддерживающее взаимосвязь составляющих имя компонентов, и делают вывод о том, что на основе внутренней смысловой структуры формируется метафорическое имя посредством мотивации. В результате исследования определяется, что одной из категорий, тесно связанных с номинативным явлением, является внутренняя форма, при рассмотрении в семантическом аспекте свойства внутренней формы внутренне неотличимы, вместе с другими они также интегрируются в понятийное значение. В статье внутренняя форма анализируется в одном ряду с категорией мотивации. Авторы статьи, опираясь на научный материал и языковые данные, делают вывод о том, что определение семантического потенциала метафорического наименования важно изучить в рамках теории мотивации и номинации, а в результате исследования в качестве основного фактора при создании метафорического наименования является внутренняя смысловая форма слова.

Ключевые слова: метафора, внутренняя форма, ассоциативный образ, коннотация, словообразовательная мотивация.

B. Kasym, S. Samenova

Word-formation metaphor: semantic potential of metaphorical motivation

The article considers metaphor as the main type of transmission of figurative meanings, as a nominative unit, which is the subject of research in linguistics and literary studies. The article analyzes the linguistic nature of the connotation, which performs a functional and pragmatic function in the formation of a metaphor, which is considered an emotional, expressive, stylistic shade of linguistic unity. The linguistic nature and additional connotation meanings resulting from understanding the associative-figurative internal structure of any conceptual meaning as part of linguistic units are determined. Based on the analysis of linguistic facts and examples, the authors prove that conceptualization creates a model of metaphorical linguistic units formed in the linguistic consciousness of a native speaker, the specifics of metaphorical motivation in a derived word, the meaning of their exchange differs by the presence of motivational degrees at different levels and is determined only in the word-formation structure. When considering the motivation of nominal units, along with their linguistic nature, the cognitive process of a native speaker is also taken into account. By metaphorical names, the authors mean that regardless of whether the semantics of the word is explicit or hidden, the worldview of a native speaker is observed, and the semantic potential of metaphorical motivation is clearly expressed in the newest expression. Metaphorical names in Kazakh word formation are recognized as unified lexical units, the article also highlights the main features that distinguish them from other similar linguistic phenomena. The article also examines the problem of classifying metaphorical names, while determining that all classifications are based on the transition from the real to the abstract, the transition from the real to the concrete, the connection with action, and anthropocentric positions. The authors of the article draw attention to the fact that the internal structure of the name is in close unity with the notion that the internal structure is an integral linguistic phenomenon that supports the interrelation of the components of the name, and conclude that on the basis of the internal semantic structure, a metaphorical name is formed through motivation. As a result of the research, it is determined that one of the categories closely related to the nominative phenomenon is the internal form, when considered in the semantic aspect, the properties of the internal form are internally indistinguishable, together with others they are also integrated into the conceptual meaning. In the article, the internal form is analyzed along with the category of motivation. The authors of the article, based on scientific material and linguistic data, conclude that it is important to study the definition of the semantic potential of a metaphorical name within the framework of the theory of motivation and nomination, and as a result of the research, the internal semantic form of the word is the main factor in creating a metaphorical name.

Keywords: metaphor, internal form, associative image, connotation, word-formation motivation.

References

- 1 Skliarevskaia, G.N. (1993). *Metafora v sisteme yazyka* [Metaphor in the language system]. Saint Petersburg: Nauka [in Russian].
- 2 Arutiunova, N.D. (1990). Metafora i diskurs [Metaphor and discourse]. *Teoriia metafory — Theory of metaphor*, 5–32. Moscow: Nauka [in Russian].
- 3 Baitursynov, A. (1991). *Aq zhol: Olender men tarzhimeler, publitsistikalıq maqalalar zhane adebi zartteuler* [White path: Poems and translations, publicistic articles and literary research]. Almaty: Zhalyn [in Kazakh].
- 4 Kasym, B. (2021). *Kognitivti semantika* [Cognitive semantics]. Almaty [in Kazakh].
- 5 Kaliev, G. (2005). *Til bilimi terimderinin tusindirme sozdigi* [Explanatory dictionary of linguistics terms]. Almaty: Sozdik-Slovar [in Kazakh].
- 6 Orazov, M. (1991). *Qazaq tilinin semantikasy* [Semantics of the Kazakh language]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 7 Salqynbai, A. (2018). *Tarikhı sozhasam* [Historical word formation]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 8 Kasym, B. (2010). *Kurdeli atalym zhasalymy: kognitivti-diskurstıq ustanym* [Formation of complex nomination: cognitive-discursive approach]. Almaty: «IP Volkova A.V.» baspasy [in Kazakh].
- 9 Avakova, R. (2002). *Frazeologiialyq semantika* [Phraseological semantics]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 10 Khasanov, G. (2009). *Qazaq tilinin leksikalıq sintagmatikasy* [Lexical syntagmatics of the Kazakh language]. Almaty: Ush qian [in Kazakh].
- 11 Zhonkeshov, B. (2006). Emotsionaldy birlikterdin tildik tabigaty (semantika, sozhasam, fonosemantika) [Linguistic nature of emotional units (semantics, word formation, phonosemantics)]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 12 Zhirenov, S. (2010). *Kognitivtik lingvistika* [Cognitive linguistics]. Almaty [in Kazakh].
- 13 Oparina, E.O. (1990). Kontseptualnaia metafora i ee funktsii v yazyke (na primere substantivirovannykh metafor) [Conceptual metaphor and its functions in language (on the example of substantivized metaphors)]. *Candidate's thesis* [in Russian].
- 14 Adisheva, A., & Mekhmet, O. (2022). Antropomorftıq metaforanyn tanymdyq modeli [Cognitive model of anthropomorphic metaphor]. *Al-Farabi atyndagy Qazaq ultyq universiteti Khabarshysy. Filologiya seriyasy — Al-Farabi Kazakh National University Bulletin. Philology Series*, 188, 4, 12–20 [in Kazakh].

- 15 Vinogradov, V.V. (1984). *Stilisticheskii aspekt russkogo slovoobrazovaniia* [Stylistic aspect of Russian word formation]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 16 Katsnelson, S.D. (1986). *Obshchee i tipologicheskoe yazykoznanie* [General and typological linguistics]. Leningrad: Nauka [in Russian].
- 17 Kubriakova, E.S. (1981). *Tipy yazykovykh znachenii. Semantika proizvodnogo slova* [Types of linguistic meanings. Semantics of the derived word]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 18 Gak, V.G. (1977). *Sopostavitelnaia leksikologiya (Na materiale russkogo i frantsuzskogo yazykov)* [Comparative lexicology (Based on the material of the Russian and French languages)]. Moscow: Mezhdunarodnye otnosheniia [in Russian].
- 19 Teliia, V.N. (1988). Metaforizatsiia i ee rol v sozdanii yazykovoï kartiny mira [Metaphorization and its role in creating a linguistic picture of the world]. *Rol chelovecheskogo faktora v yazyke. Yazyk i kartina mira — The role of the human factor in language. Language and the picture of the world* (pp. 173–203). Moscow [in Russian].
- 20 Kiiak, T.R. (1987). О «внутренней форме» лексических единиц [On the “inner form” of lexical units]. *Voprosy yazykoznaniiia — Topics in the study of language*, 3, 58–68 [in Russian].
- 21 Gumboldt, V. (1984). *Izbrannye trudy po yazykoznaniiu* [Selected works on linguistics]. Moscow: Progress [in Russian].
- 22 Zhirenov, S., & Kulmanova, Z. (2023). Galamnyn dini beinesinin tildik korinisi [Linguistic reflection of the religious image of the universe]. *Tiltanym — Language Studies*, 89, 1, 125–132 [in Kazakh].
- 23 Blinova, O.I. (2007). Tipologiziruiushchaia funktsiia vnutrennei formy slova [Typologizing function of the inner form of the word]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta. Seriya Gumanitarnye nauki — Tomsk State Pedagogical University Bulletin. Humanity Series*, 2, 30–33 [in Russian].
- 24 Isaev, S. (1998). *Qazirgi qazaq tilindegi sozderdin grammatikalyq sipaty* [Grammatical character of words in the modern Kazakh language]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 25 Kasym, B. (2024). *Metaforaly atalymdar: kognitivti-semantikalyq sozhasam* [Metaphorical nominations: cognitive-semantic word formation]. Almaty: Daryn [in Kazakh].

Information about the authors

Kasym, Balkya — Doctor of Philology, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: bkasym77@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5375-387X>

Samenova, Sveta Nurtaevna (corresponding author) — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: sn.sveta@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7662-9970>